

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған  
«КОНСТИТУЦИЯ: ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІЛІГІНІҢ, АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН  
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ»  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
29 тамыз 2018 жыл, Астана қ.

МАТЕРИАЛЫ  
Международной научно-практической конференции  
«КОНСТИТУЦИЯ: ВОПЛОЩЕНИЕ ЦЕННОСТЕЙ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА,  
ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА И СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА»  
посвященная Дню Конституции Республики Казахстан  
29 августа 2018 года, г. Астана

MATERIALS  
International scientific-practical conference  
«THE CONSTITUTION: THE EMBODIMENT OF THE VALUES OF THE RULE  
OF LAW, CIVIL SOCIETY, AND THE MODERN STATE»  
Devoted to Constitution Day of the Republic of Kazakhstan  
August 29, 2018, Astana

**ӘОЖ 342(063)  
КБЖ 67. 4000.1  
К18**

**Редакциялық алқа:**

**Амандықова С.К., Өмірзақов П.К., Хайрмуханмедов Н.И., Тлепина Ш.В.,  
Мукашева А.А., Сембекова Б.Р., Жуманова М.Х.**

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарының жинағы (29 тамыз 2018 жыл). Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров, Е.Б.Сыздықов. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. – 394 б.

**ISBN 978-9965-31-953-2**

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы қоғамды және мемлекетті жаңғыртудың теориялық және құқықтық аспектілері, азаматтық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы реформалау, сондай-ақ халықаралық стандарттарды енгізу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы құқықтар туралы ғылыми мақалаларды қамтиды. Жинақ заңгер-мамандарға және кең қауымға арналған. Барлық материалдар авторлардың баяндауында жарияланды.

В Сборник материалов международной научно-практической конференции «Конституция и модернизация общества и государства», посвященной Дню Конституции Республики Казахстан, включены научные статьи по вопросам теоретико-правовых аспектов модернизации общества и государства, реформирования гражданского и уголовно-процессуального законодательства, а также имплементации норм международного права в действующее право РК. Сборник рассчитан на специалистов-юристов и широкий круг общественности. Все материалы опубликованы в изложении авторов.

The collected materials of international scientific-practical conference: «Constitution-the basis of dynamic and stable development of the society and the state», devoted to the Day of Constitution of Republic Kazakhstan the greetings and reports of leadership of state bodies of Kazakhstan, bodies of the constitutional control, ombudsmen, judges of the constitutional courts and correspondent bodies of the number of foreign countries, eminent home and foreign scientists –lawyers are included. The collected materials are designed for experts –lawyers and broad sections of the public. All the materials are published in the exposition of the authors.

**ISBN 978-9965-31-953-2  
ӘОЖ 342(063)  
КБЖ 67.400.1**

**©ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2018**

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

<b>Marco Gregg</b>	A Euro model for the tobin tax: the (tossible) impac to the new tax on the European Financial Market (and on the non eu investors)	9
<b>Онгарбаев Е.А.</b>	Об изменениях и дополнениях в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам религиозной деятельности и религиозных объединений	13
<b>Гхабисимова Л.А.</b>	О некоторых аспектах понимания конституционной ответственности в решениях конституционного суда Российской Федерации	17
<b>Кванина В.В.</b>	Конституционно-правовые основы отраслевых принципов предпринимательского права России и Казахстана	20
<b>Букалерова Л.А. Остроушко А.В.</b>	К вопросу о коррупции в системе образования в России	23

### СЕКЦИЯ 1

#### ВОПЛОЩЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И РАЗВИТИЕ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА В ЦЕННОСТЯХ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА

<b>Амандыкова С.К. Есентемирова А.М. Аничкин Е.С.</b>	Некоторые проблемы и перспективы высшего образования в Казахстане	27
<b>Абдрасулов Е.Б.</b>	Конституционное право Российской Федерации и стран Центральной Азии: факторы общности	36
<b>Нурпеисов Е.К.</b>	Судебная власть и ее роль в обеспечении конституционной законности.	40
<b>Капсалямова С.С. Абуов А.А.</b>	Конституция и развитие гражданского общества в Казахстане	43
<b>Амандыкова С.К. Калмаганбетова Д.Б.</b>	Некоторые вопросы повышения правовой культуры государственных служащих Республики Казахстан	47
<b>Кусаинова Л.И. Айтбай Ж. А.</b>	Правовые основы положения политических партий в Республике Казахстан	51
<b>Громова Е.А.</b>	Правовое регулирование защиты прав потребителей финансовых услуг в Казахстан	54
<b>Ибрагимов.Ж.И.</b>	Государственно-частное партнерство в условиях цифровой реальности: сравнительно-правовой анализ законодательства России и Казахстана	60
<b>Кусаинова Л.И. Смагулова А.С.</b>	Конституция құқық үстемдігінің кепілі	63
<b>Сарсенова С.Н.</b>	Вопросы возрождения обычных правовых норм в современной системе гражданского права	68
<b>Гезердава С.И.</b>	Актуальные вопросы институциональных реформ области высшего образования Казахстана	72
	Конституционное измерение характеристик гражданского общества (сравнительно-правовой анализ)	76

<b>Иванова Ж.Б.</b>	Конституционно-правовая охрана объектов культурного наследия как воплощение традиционных духовно-нравственных ценностей народа	82
<b>Спиридонова А.В.</b>	Конституционный принцип свободы предпринимательской деятельности и его ограничение антимонопольным законодательством	84
<b>Калмаганбетова Д.Б.</b>	Правовое регулирование участия политических партий в выборном процессе Республики Казахстан	87
<b>Хайрмуханмедов Н.И.</b>	Егемендік ұғымының теориялық-құқықтық негіздері	90
<b>Смағұлова А.С. Кусайнова Л.И. Смағұлов А.А. Османова Д.Б. Абдикаликов К.Б. Әлмұхамбетов Ж.Н.</b>	Дәстүрлі құқықтағы ар-намысты қорғаудың өзіне тән ерекшеліктері	94
<b>Жамбаев Е.С. Сапарбекова Б. Е.</b>	Оценка современной системы высшего образования Республики Казахстан	98
<b>Ибрагимов Ж.И. Бұлақбаев М.Б. Сәулен Нұржан</b>	Казакстан Республикасындағы кәсіптік одақтар қызметінің конституциялық-құқықтық жағдайы	102
<b>Жамбаев Е.С. Сапарбекова Б. Е.</b>	Қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық – конституциялық құндылықтың мазмұны және оны қамтамасыз ету құралдары.	105
<b>Ибрагимов Ж.И. Бұлақбаев М.Б. Сәулен Нұржан</b>	Есеп беруші мемлекетті қалыптастырудағы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасының ролі ролі	108
<b>Хайрмуханмедов Н.И.</b>	Қазақстан Республикасында жоғарғы білім беру барысындағы өзекті мәселелер	114
<b>Алимпиева Т.Г.</b>	Еуропалық жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылыми зерттеулер кеңістігінің ерекшелігі	116
<b>Капсалямова С.С. Зейдин К.Б.</b>	Конституционные основы общественного согласия и политической стабильности Республики Казахстан	123
<b>Женисов С.К. Мысыр Олжас Сеилханов Ж.Д.</b>	Омбудсмен институтының конституциялық-құқықтық негіздері	125
<b>Мырзатаев Н.Д.</b>	Ата заңымыз тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, сақтау және пайдаланудағы негізгі қайнар көзі ретінде	129
<b>Weisbekova G.K.</b>	Экономикалық контрабанда: қоғамдық қауіптілігі және жауаптылық мәселелері	131
<b>Нурутдинова А.Ж.</b>	Цифрлы технологияларды енгізу процесіндегі жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері	134
<b>Kussainov A.A.</b>	The concretization of legal norms in court holding (theory and practice)	136
<b>Наурызбаев Е.А. Глеубердина У.Т. Женисов С.К. Мысыр Олжас Смағұлова А.С. Кусайнова Л.И. Роза Өміртай</b>	Проблемы совершенствования правовой охраны окружающей среды на военных и оборонных объектах Республики Казахстан	138
	Bologna process as a basis of transformation of higher education institutions in non-commercial joint stock companies (experience of the baltic states)	141
	Мемлекеттік басқару жүйесіндегі конституцияның маңыздылығы	144
	Конституциялық реформалар аясындағы мемлекеттік билік тармақтарының өкілеттіктері	148
	Договор личного найма в обычном праве	150
	Конституция – елдігіміздің айнасы	153

<b>Бердыбаев Е.М.</b>	Қоғамдағы құқықтық сананың қалыптасу бағыттары.	155
<b>Махов А.Р</b>	К вопросу о совершенствовании конституционной ответственности глав субъектов зарубежных федераций	157
<b>Саулен Нуржан</b>	Местные исполнительные органы власти Казахстана: организация, деятельность и полномочия	164
<b>Бабаян Р.А.</b>	Информационная безопасность как неотъемлемая часть системы национальной безопасности Российской Федерации на современном этапе	168
<b>Мырзатаева Р.Д.</b>	Бастауыш сынып оқушыларының тілдік сауаттылығы: әдістемедегі инновациялар	171
<b>Ораз Рсай</b>	Қазақстандағы әйел құқықтарының құқықтық теориялық аспектілері	174
<b>Рябова Т. В</b>	Правовые позиции органа судебного конституционного контроля Республики Армения	177
<b>Нугыманов Е.</b>	Конституция қоғамдық тұрақтылықты сақтау мен нығайтуының кепілі	179
<b>Сапарбекова Б.</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің әлімдік тәжірибесі	181
<b>Мырзатаев Н.Д.</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесі	187
<b>Гастаев Н.Б.</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесі	187
<b>Цой К.Р.</b>	Анализ законодательства в сфере образования для детей с особыми образовательными потребностями	189
<b>Макоев Т.В.</b>	Конституционные основы многопартийности в современной России	194
<b>Садуақасов А.А</b>	Мемлекеттік билік бөлінісінің принциптері және қр-ның конституциясына бектілуі	197
<b>Зейнелгаби Адиль Омарова Э.Б.</b>	Правовое регулирование вопросов социального обеспечения в Республике Казахстан	199

## СЕКЦИЯ 2 КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВООТНОШЕНИЙ В УСЛОВИЯХ ЧЕТВЕРТОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ РЕВОЛЮЦИИ

<b>Өмірзақов П.Қ</b>	Корпоративтік құқықтың дамуының конституциялық негіздері	203
<b>Абдирайымова А. докторант</b>	К вопросу о государственном регулировании продовольственной безопасности в Республике Казахстан	205
<b>Бексултанова Р.Т., Калтаева А.Т.</b>	Доступ к правосудию как принцип правового государства	209
<b>Жаркенова С.Б.</b>	Некоторые актуальные вопросы совершенствования трудового законодательства Республики Казахстан	212
<b>Жусипова Б.А., Омарова Э.Б.</b>	Еуразиялық Экономикалық Одақ мүше елдердің жер қатынастары субъектілерінің құқықтық жағдайы	218
<b>Нурғалиева Е.Н.</b>	Правовая защита социально-уязвимых слоев населения	221
<b>Нурмагамбетов А.М.</b>	Некоторые вопросы становления конституционализма в Республике Казахстан	225
<b>Нурмагамбетов А.М.</b>	О некоторых новеллах современного трудового законодательства Республики Казахстан	228
<b>Нурмагамбетов А.М.</b>	О предмете международного трудового права	231
<b>Нурмагамбетов А.А.</b>	Добросовестность, разумность и справедливость	235

докторант <b>Омарова Э.Б., Бердиярова Ж.С. Омарова Э.Б., Жусипова Б.А. Палымбетов Н.Ш.</b>	как оценочные понятия гражданского права Охрана труда по действующему трудовому законодательству Конституционно правовые основы Жұмыспен қамтудың типтік емес нысандарының заңды мәні	239 242 246
докторант <b>Хасенов М.Х.</b>	Влияние новых технологий на развитие гражданского права: вызовы XXI века	248
<b>Марат Н.М.</b>	Қазақстан Республикасында концессиялық қатынастардың құқықтық реттелуі	252
<b>Карибаева А.К.</b>	Основные направления определения гражданско-правовой ответственности за коррупционные правонарушения в Республике Казахстан	258
<b>Кожаметова С.Г.</b>	Особенности правового статуса различных видов субъектов предпринимательства	262
<b>Сақтағанова И.С., Аябековам.Н.</b>	Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қол жетімді ортадағы құқықтары: тәжірибелері, мәселелер және оны шешу жолдары	266
<b>Абдраимов Е. Палымбетова М.</b>	Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі Жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқығын шектеудің құқықтық мәселелері	275 277
<b>Сактағанова А.</b>	Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау саясаты	280
<b>Тоғжанова Ж.</b>	Ювеналды әділет – кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау кепілі	283
<b>Жүмекен Н.</b>	Қазақстан Республикасындағы инвестициялық саясатты жүзеге асыру және қр заңнамасына сәйкес реттеу	285
<b>Сактағанова А.</b>	Медициналық сақтандыруды дамытудың шетелдік тәжірибесі - азаматтардың мүдделерін қорғаудың нысаны	288
<b>Абдраимов Е. Сактағанова А.</b>	Сот билігінің конституциялық негіздері Қазақстандағы арбитраж (аралық) соттың қалыптасуы және дамуы	291 294
<b>Сақтағанова И.С., Аябекова М.Н. Темиржанова А., Жолимова А., Болатбекова И. Қожахметова Д.С.</b>	Мүгедектердің құқықтарын қорғаудың халықаралық- құқықтық негіздері Правовой механизм защиты прав человека (на примере построения финансовых пирамид)	298 305
<b>Сақтағанова И.С., Жанжігітова Ж.А. Марленқызы А.</b>	Совершенствование правовых механизмов ипотечного кредитования в Республике Казахстан Жаңа заманғы экономикалық қоғамдағы отбасылық бизнесті дамытудың кейбір мәселелері Атқарушылық іс жүргізу құқықтық институтының дамуы және келешегі	308 314 318
<b>Айбасов А. Аманғалиева А.</b>	Сақтандырудың даму тарихы Шет мемлекеттердегі баламалы немесе аналогиялық құқықтық институттар	325 331
<b>Калтаева А.Т.</b>	Конституция-қоғам мен мемлекет дамуының динамикалық және тұрақты негізі	338

**СЕКЦИЯ 3**  
**ВОПЛОЩЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА В УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКЕ**

## РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

<b>Ахпанов А.Н., Келигова Х.Ю.</b>	Ошибки в свидетельских показаниях	341
<b>Ахпанов А.Н., Турсын А.М.</b>	Вопросы обеспечения электронного перевода В современном уголовном процессе	345
<b>Скаков А.Б.</b>	Обеспечение прав испытуемых в условиях пробации	349
<b>Сембекова Б.Р.</b>	Антикриминальная безопасность личности в системе противодействия терроризму и экстремизму	355
<b>Канаев А. С Амиргалиев А.А.</b>	О некоторых вопросах контрразведывательной деятельности в Республике Казахстан	358
<b>Дук Ю.И.</b>	Соблюдение принципов верховенства права в борьбе с региональной преступностью.	362
<b>Кабакова О.В.</b>	Конституционные обязанности молодежи Российской Федерации как воплощение верховенства права в условиях построения гражданского общества	364
<b>Баймолдина С. М.</b>	Уголовная ответственность за преступления, совершаемые в информационных системах в Республике Казахстан	369
<b>Муратханова М.Б., Мұқаметқазинов А.С.</b>	Халықаралық деңгейде және шетелдерде	372
<b>Ашимова Э. А.</b>	Жасөспірімдерді өзін - өзі өлтіруге дейін жеткізуге итермелейтін себептер	376
<b>Ашимова Э. А., Абулкаирова А. М. Даурембеков Е.К.</b>	Пайдакүнемдік қылмыстарының алдын алу шаралары	382
	Правовые аспекты избрания меры пресечения в виде содержания под стражей в отношении женщин подозреваемых и обвиняемых в акте терроризма	385
<b>Балгынтаев А.О., Енсебаева А.Р. Досанов М.У.</b>	Вопросы социального обеспечения судей	389
	О вопросах совершенствования Казахстанского уголовного законодательства по борьбе с мошенничеством	391
<b>Салпеков А. С.</b>	Правовые гарантии и проблемы обеспечения независимости судей в Республике Казахстан	394
<b>Сеилханов Ж.Д.</b>	Экономикалық контрабанда: қоғамдық қауіптілігі және жауаптылық мәселелері	398
<b>Тулепенов Ж. К. Кубенова Ш.А.</b>	Қылмыстық жауаптылықтан босатудың кейбір негіздері	400
	Уголовная ответственность за вовлечение совершеннолетних в совершение уголовных правонарушений в Республике Казахстан	404
<b>Бегеев Т. Б.</b>	Особенности проявления экстремизма и терроризма в обществе	407
<b>Аширбекова К. Б. Дуисова А.М.</b>	Систематизация судебного приговора	411
	Права и свободы человека в Казахстане, как система ценностей правового государства	413
<b>Кулбаева М. М.</b>	Понятие и эффективность уголовно-правового воздействия на врачебную ошибку	418

## СЕКЦИЯ 4

### МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РЕАЛИЗАЦИИ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

<b>Сарсембаев М.А.</b>	Казахстанские и международные суды в решении международно-правовых проблем (на примере проблем международного транспорта и транзита)	422
------------------------	--	-----

<b>Тлепина Ш.В.</b>	Периодизация истории международного права	425
<b>Акпарова Р. Н.</b>	Международные стандарты и законодательство Республики Казахстан о правовом значении актов органов уголовного преследования и судов иностранных государств	431
<b>Алпысбаева Ю. А.</b>	Актуальные проблемы обеспечения свободы передвижения товаров в рамках евразийского экономического союза	441
<b>Алшинбаев И. Ф.</b>	Международно-правовое регулирование биологической безопасности на космических объектах	443
<b>Есенбаева Г. С.</b>	Международно-правовые проблемы режима контроля за ракетными технологиями	446
<b>Жаксыгельдинов Л. Д.</b>	Определение правосубъектности транснациональных корпораций в теории международного права	449
<b>Жунусбекова А. Ж.</b>	Халықаралық құқықтағы халықаралық шарттардың маңыздылығы	452
<b>Искакова Ж. Т.</b>	Еаэс и вто: взаимодействие двух правопорядков	456
<b>Кабакова О.В</b>	Конституционные обязанности молодежи Российской Федерации как воплощение верховенства права в условиях построения гражданского общества	458
<b>Қаражан Б. С.</b>	Международно-правовое сотрудничество стран центральной азии в условиях региональной интеграции	463
<b>Костяная Ю. С.</b>	Конституционное право человека и гражданина на информацию в Республике Казахстан.	466
<b>Сатова А. С</b>	Энергетическое сотрудничество в рамках еаэс как инструмент глобализации.	468
<b>Сарсембаев М.А.</b>	Проблемы транзита В Казахстанском законодательстве и международном праве	470
<b>Сейдеш Б. Б.</b>	Конституция – мемлекеттің тұрақтылығы мен ұлттық құндылықтарды сақтау кепілі ретінде	475
<b>Сулейманова И. И.</b>	Халықаралық құқық принциптері мен нормаларына сәйкес қылмыстық заңнаманы дамыту жолдары	483
<b>Панов С.К.</b>	Универсальный периодический обзор как уникальный механизм универсальной правозащитной системы	485
<b>Хамидулина М. Б.</b>	Вопросы международно-правовой защиты авторских и смежных прав	487
<b>Шналина А. А.</b>	Техническое регулирование как механизм защиты потребителей. Безопасность игрушек.	491
<b>Sartayev A.K.</b>	“Kazakhstan in the age of independence (some problems of international treaties realization)”	493



сабақтарын белгілеу және аудиториялық сағаттарын есептеу механизмі бакалавр мен магистратурадағы жүйе бойынша жасалады. Мұнда PhD докторантураға бөлінетін орындар өте аз және бір мамандыққа көбіне бірақ орын бөлінетіндігі ескерілмеген. Сондай-ақ, PhD докторантура бағдарламасы бойынша ақылы бөлімде білім алуға тыйым салынған. Яғни, PhD докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар арасында академиялық топ шықпайды, модульдық білім бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспары және сабақтың барлығы бір адамға ғана оқытылады. Магистратура бағдарламасы бойынша білім алушылардың академиялық сабақтары мен аудиториялық сағаттарын есептеу жеңілдеу, себебі, бір топта кем дегенде 5-10 адам шығады және ақылы түрде оқитын магистранттар да бар. Ал бакалаврда жағдай керісінше, бір топта 20-30 адам оқиды. Оқытушылар 50 минуттық семинарда сабақ сұрап үлгермей әуре болуда.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, PhD докторантурада оқитындардың саны саусақпен санарлықтай, бір мамандықта оқитын бір докторантқа ондаған ғалымдар мен шетелдік профессорлар шақырылуда. PhD докторантурада оқитын бір адамға жұмсалатын қаржыны есептеп қорытындылағанда, олардың басынан аяғына дейін алтыннан жасалған немесе сирек кездесетін дарынды ғалым деп ойлауға болады. Соңғы кезде министрлік тарапынан да, докторантураға бөлінетін ақшаның тиімсіз пайдаланып жатқандығы жиі айтылуда. Ал енді, ол PhD докторантурада оқығандар оқуын бітіре салып ғылымнан кетіп жатқандығын айтатын болсақ, бұл білім бағдарламасының қажет бар ма еді деген сұрақ туындайды. Себебі, білім саласындағы қолданыстағы заңнаманың олқылықтары салдарынан бүгінде PhD докторантураны тамамдаған жас ғалымдарды университет қабырғасында алып қалып, ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысуға міндеттейтін құқықтық нормалар болмай отыр. Жоғарыда айтып кеткендей, ғылыми ортаның ғылымға деген санасы туралы ой өрбіту қажет болып отыр. Себебі, дәл осы фактор университеттің ғылыми потенциалын көтеруге кері ықпал етіп отырған салмақты фактор болып отыр.

Қысқасы, ғылым бір немесе он жылда жасалатын дүние емес. Ол жылдар бойы аянбай жұмыс жасау және мемлекет тарапынан ірі қаржы жұмсауды қажет етеді. Тіпті алғашқы кезде ол нәтижесіз де болуы мүмкін. Ол заңды құбылыс, себебі бізде әлі де жұмыс істеп тұрған ғылыми орта қалыптасып үлгерген жоқ. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, ғылым мен білімді дамыту саласы ол мемлекеттің ең бір әлсіз әлеуметтік функцияларының бірі. Көп жағдайда мемлекет үшін қаржылық жағынан шығынды болып келеді. Бірақ, бүгінгідей бәсекелестік орнаған ашық білім кеңістігінде отандық ғылымды қаржыландыруды тоқтатуға мүлдем болмайды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. Учебник. – 4-е изд. испр. и доп. – М.: Издательский дом «Дело» РАНХиГС, 2011. – 528 с.
2. Бейбитов М.С. Самоуправление в высших учебных заведениях РК (организационно-правовые проблемы): Авторф. дис... канд. юрид. наук. – Алматы, 1996. - 25.
3. Султанов Р.Р. Организационно-правовые вопросы и реализация конституционного права на образование в РК: Авторф. дис... канд. юрид. наук. – Алматы, 2006. – 25 с.

## **ЕУРОПАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР КЕҢІСТІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Хайрмуханмедов Нурбек Исабайұлы**

*nurbek.isabay@gmail.com*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

*Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD*

Еуропаның жаңашылдық пен инновацияға негізделген заманауи ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру жүйесі мен докторантура бағдарламаларының жаңа талаптарға сай қайта жасалу, жүзеге асырылу негіздерінің жіті саралануы өте маңызды. Себебі, еліміз Болон үдерісіне қатысуы арқылы Еуропалық білім жүйесіне ықпалдастыққа

басымдық танытты және осы бағытта бірқатар реформалар жүргізілді. Осы тұрғыдан ғылыми зерттеулер және докторантура бағдарламасының ғылыми тұрғыдан қайта тұжырымдалуының саяси негіздемесін айқындаған Еуропа Кеңесі (ЕК), Еуропа Парламенті (ЕП) және Еуропалық Комиссияның жоғары оқу орнынан кейінгі жоғары білім беру саласындағы саяси ерік-жігерінің нәтижелері, Еуропалық ықпалдастық негізінде қабылданған халықаралық, нормативтік және бағдарламалық құжаттарына жалпылама талдау жасау көзделді. ЕК, ЕП және Еуропалық Комиссия Еуро ықпалдастық аймағының ресми мекемелері ретінде ғылыми зерттеулер мен докторантура бағдарламаларына қатысты университеттердің, Еуропалық университеттер ассоциацияларының және осы саладағы кәсіптік ұйымдардың ұзақ жылдар бойы мақсатты түрде жүргізген жұмыстарын ресмилендіріп, саланың негізгі нормативтік және бағдарламалық құжаттарына айналдырды. Еуропа елдерінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім қазіргі заманғы дамыған, өркениетті елдердегі постиндустриалдық экономиканың негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық білім жүйесін Еуропаға, Болон үдерісі талаптарына негіздеуді мақсат еткен Қазақстанда Еуроаймақ елдеріндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің ерекшеліктері мен қыр-сырын тереңнен меңгерудің өзектілігі мен маңызы арта түсуде. Сондықтан, Еуропалық жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Еуропалық жүйесін зерттеп-зерделеу осы жүйемен ықпалдастыққа бет алған отандық білімнің дамуы тұрғысынан да үлкен маңызға ие болып табылады.

XXI ғасырда әлемде белең алған халық санының күрт артуы, ғаламдық капитал ағынының дамыған елдерден дамушы елдерге қарай ойыса бастауы, жаһандандудың нәтижесінде туындаған елдер арасындағы қатаң бәсекелестік жағдайы әлемнің көптеген елдерін терең әрі жүйелі ізденістерге итермелеуді. Осындай ізденістер нәтижесінде Еуропа елдері білім саласын қоса алғанда қоғам өмірінің барлық салаларын қамтитын терең құрылымдық жаңаруларды жүзеге асыра білді. Біз мақалада жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Еуропалық жүйесін талдау жасауды көздегендіктен, Еуро ықпалдастық аймағындағы білім саласындағы басты өзгерістерге тоқталатын боламыз. Осы тұрғыдан алғанда 2000 жылғы Лиссабон стратегиясының, 2010 жылғы Еуро Одақ 2020 стратегиясының мәні үлкен. Аталған екі стратегиялық құжат та Еуроаймақ елдерінің білім саласындағы дамуының негізі ретінде инновация мен зерттеулерге ерекше мән беріп, басымдық танытады. Академиялық білімге қол жетімділік, оның трансферттілігі, еркін таралуы, халықаралық ынтымақтастық, осы саладағы еркін бәсекелестік, жаңашылдыққа ынталандыру, ой-пікірдің нақты іске айналуына мүмкіндік жасайтын білім жүйесі, жасыл экономика, әлеуметтік прогресс сынды мәселелер Еуропаның жаңа күн тәртібі, жаңа басымдықтары болып табылады [1].

Осы бағытта Еуропа елдерінде дайындалған бағдарламалық құжаттардың өзге елдер үшін де үлгі аларлық тұстары аз емес. Еуро Одақтың 2020 жылға арналған стратегиясында инновация мен зерттеу-дамыту (research and development (R&D)) өте маңызды орынға ие [2]. Еуропа жоғары білім кеңістігі ЕЖБК (European Higher Education Area) бакалавриаттан докторантураға дейінгі барша жоғары білім деңгейлерін қамти отырып, оның ішінде Еуропалық ғылыми-зерттеулер кеңістігі аясында докторантура бағдарламасы мен ғылыми зерттеулерге басымдық танытып отыр. Жеке адам мен қоғамның қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында «Жасампаздық жолында жаңа қабілеттер» деп аталатын ұстаным аясында Еуропалық жоғары білім кеңістігінде жеке тұлғаны өмір бойы білім алуына мүмкіндік қалыптастырып, үздіксіз білім ұстанымын орнықтыруды көздейді. Өмір бойы білім алу ұстанымына негізделген бағдарламасының басымдық танытқан бағыттарының бірі білім және ғылым саласында ЕО 2020 стратегиясында айқындалған мақсаттарға жетуге өзіндік үлес қосу болып табылады. Осылайша қоғамдық дамуды тікелей ғылыммен, зерттеулермен біте қайнастырып, қоғамның әрбір тұлғасының интеллектуалдық әлеуетін жалпы дамудың құрамдас бөлшегіне айналдыруға, азаматтардың өмір бойы оқуға және үйренуге ынталандыруға, ғаламдық өзгерістер жағдайында жаңа қабілеттерге шыңдалып, шапшаң бейімделуге, ғылыми зерттеулер негізінде үздіксіз жаңа құндылықтар тудыруға бағытталған

іс-шаралар жасауды мақсат етеді [3]. Еуропа ғылыми-зерттеулер кеңістігі ЕҒЗК (European Research Area – ERA) мен зерттеу-дамыту (R&D) бағдарламасы негізінде туындаған бастамалар өз кезегінде бірқатар міндеттерді айқындай отырып, төменгі деңгейдегі көптеген бағдарламалармен нақтылана түсті. Жоғарыда аталған екі бағдарлама да Еуропа Одақтың 2020 жылға арналған стратегиясының жүзеге асуында өміршең маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, алғаш рет Лиссабон келісім-шарты Еуропалық Комиссияны ЕҒЗК (European Research Area – ERA) бағдарламасын жүзеге асыруға құзыретті құрылым ретінде өкілеттендірді. ЕҒЗК Лиссабон келісім-шарты аясында 23-24 наурыз 2000 жылғы Лиссабон басқосуының шешімдері негізінде 2000 жылдың 15 маусымында құрылды. Осылайша, ЕО мүше мемлекеттерде ұлттық зерттеу жүйесі жаңа құжатқа сәйкестендіріліп, ЕО аясында ынтымақтастық пен бәсекелестік ортаны қалыптастыру, зерттеушілер ашық еңбек нарығын қалыптастыру, ғылыми білімге қол жеткізу мүмкіндігін оңтайландыру және ғылыми білімнің еркін қозғалысы қамтамасыз ету мәселелері ЕҒЗК-ның басты міндеті ретінде айқындалды [4].

Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеушілер мен докторлық дәрежесі бар ғылыми кадрлардың халықаралық деңгейде зерттеу объектілеріне еркін жетуі, еркін қозғалысы, зерттеу базаларының қол жетімділігі, халықаралық деңгейдегі зерттеулердің жүргізілуі, зерттеушілердің кәсіптік кариерасының кепілдіктері, білімнің трансферттілігі сынды мәселелер зерделеніп, жасалған тұжырым және қорытындыларға сәйкес ЕҒЗК мен ЕЖБК үшін нақты ұсыныстар мен міндеттер белгіленді.

ЕҒЗК басымдықтары мен міндеттері Еуропалық Комиссиядан бастап Еуропа университеттер ассоциациясы (EUA/EUA) сынды Еуро Одақ елдерін қамтитын жоғары білім саласындағы кәсіптік ұйымдар мен басқа да құрылымдар үшін басым бағыт, маңызды міндет ретінде қарастырылуда. ЕҒЗК арқылы ғылыми зерттеушілердің, ғылыми білім мен технологияның Еуропа аймағында еркін қозғалысын қамтамасыз ету көзделуде. ЕҒЗК арқылы Еуро Одақ елдері ғылыми және технологиялық мүмкіндігін, бәсекеге қабілеттілік әлеуетін, заманауи өзгерістерге шапшаң бейімделетін және тез ілесе алатын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылыми-зерттеу құрылымдары мен жүйесін қалыптастырып, өз әлеуетін күшейте түспек [5].

Айта кетерлік жайт, Еуро Одақтың 2020 жылға арналған стратегиясының негізгі басымдықтарының бірі ғылым мен білімге негізделген экономика қалыптастыру болғандықтан ЕҒЗК-ны нақты қаржылай құндылық тудыратын ғылыми-зерттеулер үшін әлемдегі тартымды орталықтардың бірегейіне айналдыру көзделуде. Осы ретте, Еуропаның ғылыми-зерттеулер кеңістігі мен нарығының алдында бірқатар кедергілердің тұрғанын да атап өткен жөн. Атап айтар болсақ, ғылыми-қызметкерлерді шыққан елі немесе басқа да мән-жайлар бойынша ашық, жария және лайықтылық негізінде қызметке қабылдау бойынша көптеген кедергілер мен келеңсіздіктер бар. Еуро Одақ елдері өз азаматы болып саналмайтын немесе тұрақты тұрғыны емес Одақтың өзге мемлекеттерінің ОПҚ немесе ғылыми қызметкерлеріне ұлттық білім негізінде бөлінген қаржыландыру көздеріне, гранттарға қол жеткізу мүмкіндігі толықтай іске қосылмаған. Алайда, Еуро Одақтың қазіргі ғылыми ұстанымдары бойынша ғылым мен білім саласында ұлттық заңнаманың, ұлттық заңнамалардан туындайтын бірқатар кедергілердің емес, Еуро Одақтың басымдықтарының бірінші кезекте жүзеге асуы ғылыми прогресстің аса маңызды шарты ретінде қарыстырылады [6]. Осы тұрғыдан, Еуро Одақ елдері арасында академиялық дипломдарды тану бойынша да әліге дейін бірқатар кедергілер бар және осындай жағдайлар ЕҒЗК-ның мүмкіндіктері мен әлеуетін күшейтуге айтарлықтай кедергі туындатып отыр.

ЕО Комиссиясы мүше мемлекеттердегі ЕҒЗК негізінде қалыптастырылған Еуропалық жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесіне кереғар келетін ұлттық заңнамалық қайшылықтарды және басқа да кедергілерді жоюмен айналысады. Осы тұрғыдан ЕО мүше елдер мен ЕО Комиссиясы төмендегі іс-әрекеттерді мақсатты түрде жүзеге асыруда:

1. Зерттеушілердің ашық, жария және лайықтылық негізінде ғана қызметке орналасуы немесе ғылыми-зерттеу бойынша қаржылық қолдауға ие болуына кедергі келтіретін ұлттық заңнамалық және басқа да бюрократиялық кедергілерді жою;

2. Ғылыми-зерттеу жобалары мен жұмыстарына ұлттық деңгейде жасалатын қаржыландыру көздеріне ЕО-қа мүше елдердің зерттеушілерінің қатысуына кедергі келтіретін заңнамалық кедергілерді жою;

3. Еуропадағы біртұтас ғылыми-зерттеу базасы мен ақпараттық желі жүйесін қалыптастыру;

4. «Заманауи докторантура бағдарламасы» аясында заманауи ғылыми ұстанымдарды айқындап, осы салаға қолдау көрсету;

5. Ғылыми-зерттеушілерге бағытталған адами капитал және ресурстарды ұтымды пайдалану стратегиясын жүзеге асыру мақсатында ЕО елдері арасында ғылыми-зерттеулер бойынша «Келісім-шарт және код» жүйесін енгізуге байланысты іс-шараларды жүзеге асыру [7];

Еуро Одақ елдері арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылыми-зерттеушілер үшін еркін еңбек нарығын қалыптастыру тұрғысынан ғылыми-зерттеу ұйымдарының төмендегідей іс-шараларды жүзеге асыруы күтілуде:

1. Барша бос кадрлық контингенттер бойынша конкурстар Еуропа ғылыми-зерттеушілерінің ортақ кариералық жүйесі негізінде қалыптасқан Еуропа зерттеушілері бағдарламасының (EURAXESS) ресми порталы негізінде жариялау және жүргізу;

2. Зерттеуші кадрларды ЕО елдері стандарттарына сәйкестігі жағдайында Еуропадан тыс елдерге де етіп, жария, ашық және лайықтылық негізінде қызметке алу ұстанымымен кадрлық жасақтау жүйесін енгізу;

3. Зерттеушілер үшін адами капиталды және ресурстарды ұтымды пайдалану стратегиясына үйлесімді түрде ғылыми қызметкерлер мен ОПК-ның кариералық дамуына қолдау жасайтын стратегиялар қалыптастыру;

4. ЕО елдерінің одақтың өзге елдері зерттеушілері үшін ұлттық қаржыландыру көздеріне қол жеткізу мүмкіндігін тану;

5. Заманауи жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және докторантура бағдарламасын дамыту, жүзеге асыру;

6. Ғылыми нәтижелердің өндірісте қолданыс табуына мүмкіндік танытын жаңа ғылыми құрылымдар мен институттарды енгізу және жүзеге асыру.

Жоғарыда аталған міндеттердің үдесінен шығу мақсатында Еуропа үшін аса маңызды қадам болып саналатын зерттеушілер үшін еркін еңбек нарығын қалыптастыруда Еуропалық Комиссия төмендегі іс-шараларды жүзеге асыру көздеуде:

1. EURAXESS жүйесіндегі ынтымақтастықты күшейте отырып, осы жүйені зерттеушілердің мақсатты көмектерге қол жеткізуі тұрғысынан негізгі дәнекер буын, жүйе жағдайына жеткізу;

2. Университеттерде және мемлекет тарапынан қаржыландырылатын зерттеу ұйымдарында адами ресурстарды ұтымды басқару негіздеріне орай Еуропалық келісім-шарт және кодтық аккредитация механизмінің құрылуына қолдау көрсету;

3. Бірдей немесе ұқсас ғылыми дәрежелердің автоматты түрде танылуы үшін әрбір елде бағыт-бағдар беруші жұмыс тобының құрылуына қолдау көрсету;

4. ЕО елдеріндегі ғылыми зерттеушілерді әлеуметтік кепілдікпен қамтамасыз ету; сонымен қатар, ЕО мүше емес үшінші елдерден келген ғылыми кадрлардың ғылыми-зерттеулерді жүргізуіне, тиісті білім немесе біліктілік алуына қажетті жағдай жасау, осы мақсатта ЕО нормативтік актілеріндегі қайшылықтарды жойып, оларды айқын әрі түсінікті ету, ғылыми зерттеу мақсатымен үшінші елдерден келген азаматтардың ғылыми мекемелерге қабылдануын реттейтін 2005/71/ЕС нұсқаулығын қайта қарастырып, осы бағытта туындайтын барша мәселелерді оңтайландыру (ЕО 2013);

Еуро Одақ елдерінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылыми-зерттеу саласындағы ортақ бағдарламалары осыншама ауқымды кеңістікте көптеген мемлекеттер

тарапынан дамытылған әлемдегі ең алғашқы және ең үздік мемлекетаралық ортақ бағдарлама болып табылады. Алайда, бүгінгі таңда туындап отырған климаттық өзгерістер, халықты экологиялық тиімді энергия көздерімен және азық-түлікпен қамтамасыз ету, халықтың денсаулығын сақтау және т.б. көптеген мәселелерде Еуро Одақ елдерінде де ғылымның қауқарсыз қалып отырған салалары жеткілікті. Бүгінгі жаһанданған әлемде ұлттық деңгейдегі көптеген мәселелерді шешуде жеткіліксіз қалып отыр. Осы тұрғыдан басқа салалардағы сынды білім және ғылым саласындағы ықпалдастақ және ортақ шешімдер маңызды мәселелерді шешуде әлдеқайда функционалды және тиімді болып отыр. Негізінде, ЕО-тың қазіргі күші мен құрылу философиясы да Еуропа елдерінің бірлесе отырып іс-қимыл жасау ұстанымына негізделгені анық.

Еуро Одақ деңгейінде қол жеткізілген ортақ бағдарламалардың басым бөлігі денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, климаттақ өзгерістер, урбанизация мәселелері, су мәселесі, демографиялық өзгерістер сынды нақы салаларға басымдық танытып отыр. Осы тұрғыдан барша мүше мемлекеттердің білім беру және зерттеу орталықтарының жоғары жетістікке қол жеткізу үшін бірқатар іс-қимылдарды жүзеге асыруы күтілуде, атап айтқанда:

1. Барша ғылыми жобалардың қаржыландырылуы, гранттар ашық жоба түрінде одақ елдері ішінде баршаға тең негізді жүргізілуі;
2. Жобалардың тәуелсіз, жергілікті немесе шетелдік мамандардан құралған арнайы жұмыс топтары тарапынан бағалануы;
4. Мүше мемлекеттер арасында бәсекелестікке, жаңашылдыққа негізделген жобаларды бағалау және қаржыландыру жүйесін қалыптастыру бойынша ұлттық заңнамалар туындатып отырған қайшылықтар мен кедергілерді жою;
5. Барша мемлекеттік мекемелердің ғылыми-зерттеуді қаржыландыруда халықаралық ынтымақтастық қағидаларын жүзеге асыруына кепілдік берілуі (ЕО, 2013).

Еуропалық Комиссияның Зерттеулер және жаңашылдық бас басқармасы 2011 жылдың 27 маусымында заманауи докторантура бағдарламасының басты қағидаларын жариялады [8]. Осы тұрғыдан доғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мынадай мән жайларға айрықша атап көрсетілген: зерттеліп жатқан тақырыптың өзектілігі, зерттеу әдісі және қолданылатын техника, зерттеудің бірегейлігі, зерттеудің жаңашылдығы. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұстанымдары осы саладағы түрлі деңгейдегі оқу бағдарламалары үшін нұсқаулық секілді міндет атқарғанымен, бұл жағдай докторанттар мен зерттеушілердің зерттеу барысындағы тәуелсіздігін шектеу ретінде қарастырылмайтындығына ерекше мән берілген. Басқалау айтқанда, мұндай нұсқаулықтар зерттеушіні белгілі шеңбер мен қалыпқа салып, шығармашылық және зерттеу еркіндігін шектеу ретінде түсінуге жол берілмейді. Осы тұрғыдан зерттеушінің және жетекшінің ғылыми-шығармашылық дербестігі, ой-пікір еркіндігі кепілдікке алынған. Осы ретте ЕҒЗК-ның арнайы құжаттарында диссертациялық кеңестің, зерттеуші мен жетекшінің рөлдері ашық және айқын түрде белгіленіп көрсетілген [9].

Еуропада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге қатысты саясатты айқындауда Еуропа Кеңесі, Еуропа Парламенті және Еуропалық Комиссия сынды мемлекет үсті немесе мемлекетаралық деңгейдегі ресми құрылымдармен бірге Еуропа университеттері ассоциациясын (EUA) сынды жартылай ресми ұйымдар да аса маңызды орынға ие болып отыр. EUA – ЕО елдеріндегі жоғары оқу орындары арасында «ректорлар конференциясы» арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен ғылыми зерттеулер бойынша ортақ саясат пен стандарттар қалыптастыруда және ЕО елдері арасындағы мемлекетаралық жалпы саясатқа ықпал етуде шешуші рөл атқаратын негізгі арнайы құрылым болып табылады. EUA ұйымына бүгінгі таңда ЕО елдеріндегі жалпы саны 800 жуық жоғары оқу орны мен зерттеу ұйымдары мүше. Осындай университеттер мен зерттеу ұйымдарының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша атқаратын іс-шаралары EUA тарапынан жүйелі түрде қадағалануда. EUA Еуро Одақ елдеріндегі жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, оның ішінде докторантура бағдарламасының жалпы негіздерін дайындайды, әрі ЕҒЗК аясында ғылыми-зерттеулерге Еуропалық Комиссияның саяси шешім қабылдау үдерісіне ықпал етіп, өз сөзін өткізу тетіктеріне ие болып отыр [10].

Еуро Одақ елдерінде жоғары білім бакалаврға дайындық, бакалавр, магистратура және докторантура бағдарламасын қамти отырып, осылардың ішінде ғылыми білімнің шындалуы тұрғысынан докторантура бағдарламасына ерекше мән беріп отыр. Сондықтан да, докторантура бағдарламасының деңгейіне дейінгі барша білім сатылары жеке тұлғаның зерттеуші индивид ретінде қалыптасу сатылары ретінде қарастырылса, докторантура дипломына ие болған азаматтар толыққанды зерттеуші ретінде пайымдалуда. Осы себептен, ғылыми-зерттеу, ізденіс қабілеті докторлық дәрежесі бар кісінің ең басты сипаты болып табылады. Докторлық дипломға ие болу бір жағынан қандай да бір ғылым саласында ең жоғары деңгейдегі білім мен біліктілікке ие болғандықты білдірсе, келесі жақтан өз пәні мен өзге пәндерде қолданылатын зерттеу тәсілдері мен техникаларын, методологиясын ең жоғары деңгейде игеру дегенді білдіреді. Сондықтан, докторлық дәреже иеленген тек қана өз пәні бойынша ғана емес, пәнаралық зерттеу тәсілдері мен тәжірибесіне, трансфер жасала алатын білім мен біліктілікке ие тұлға болып саналады. Магистратура бағдарламасының докторантурадан бірқатар критерилер бойынша елеулі ерекшелігі бар. Бұл негізінен ғылыми білімнің және зерттеу методологиясының жан-жақтылығы және тереңдігі бойынша көрініс табады. Ал енді, ЕО елдерінің стандарттары бойынша бакалавр дәрежесі ХХІ ғасырдағы әрбір азаматтың ие болуы қажет саналатын бағдарлама санатына жатады. Бакалаврдан кейінгі магистратура бағдарламасы жоғары оқу орнын бітірген үміткердің ғылым жолына бет бұруы барысындағы аралық саты қызметін атқарады. Еуро Одақ елдерінде магистратура дәрежесі түрлі салаларды меңгерген кісілердің салааралық қайта даярлануына мүмкіндік танытын бағдарлама қызметін атқаруда (мәселен инженер мамандығын игерген кісінің маркетинг және басқару қайта мамандық алып, біліктілігін жан-жақтандыру арқылы көтеріп бейімдеп отыруы). Сондықтан, ұдайы өзгерістер үстіндегі экономикалық және қоғамдық жаңарулар жағдайында магистратура бағдарламасы азаматтардың өзгерістерге орай шапшаң бейімделуіне, жаңа мамандық игеруіне, білімін шыңдап, машықтана түсуіне мүмкіндік беретін міндетердің үдесінен шығуда. Алайда, докторантура бағдарламасы магистратура секілді ауыспалылық пен өтпелілікті еркін қамтуы екіталай. Сол себептен де кез келген сала бойынша ең жоғары ғылыми білімді игеру, осы саланың майталман білгірі ретінде орнығу мақсатын көздеп, бір салаға мықтап ден қойғандар ғана докторлық дәрежені иелене алмақ.

Докторантура бағдарламасының негізгі қағидалары Еуропа университеттері ассоциациясы (EUA) тарапынан «Бірінші Зальцбург қағидалары» деген атпен 3-5 ақпан 2005 жылы Австрияның Зальцбург қаласында жарияланды. Осы декларация жарияланғасын бес жыл өткеннен кейін «Бірінші Зальцбург қағидаларының» орындалу нәтижелері талқыланып, Еуро Одақ аясында докторантура бағдарламасы аясында жаңа ұстанымдар қалыптастыру мақсатымен 2010 жылы «Екінші Зальцбург қағидалары» жарияланды. 2010 жылы жарияланған қағидалар 2005 жылғы қағидалардың жүзеге асырылуы барысында туындағын мәселелерге айқындық беру, оның мән-мағынасын түсініктірек ете түсуді мақсат еткен болатын. Сондықтан, екі декларация түптеп келгенде бірдей құндылықтарды паш ете отырып, бір-бірін демеуші, сүйемелдеуші сипатқа болып табылады. «Бірінші Зальцбург қағидалары» Болон үдерісі бойынша ғылыми зерттеу және докторантура бағдарламасына қатысты құжаттарға енгізілгенін де атап өткен жөн. «Еуропада білім қоғамын орнату жолында докторантура бағдарламасы» деген атаумен жарияланған «Бірінші Зальцбург қағидалары» басты он ұстанымды негіздейді, атап айтқанда: а). Докторантура бағдарламасы аясында жаңашыл әрі тың зерттеулер арқылы ғылыми білімнің дамытылуы; Бұл өз кезегінде Еуро Одақ елдері аясындағы еңбек нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз етуді көздейді. ә). Университеттер жаңа тұрпаттағы жаһандық өзгерістерге орай құрылымдық стратегия мен саясат жүргізу; Еуро Одақ елдеріндегі университеттер мен білім ордалары докторантура бағдарламасы негізінде заманауи талаптарға сай кәсіби карьералық ілгерілеу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге тиістілігі айқындалған және жауаптылыққа ие. б). Әралуандылықтың маңыздылығы: Еуропада университеттердің әралуандылығы (ортақ докторантура бағдарламаларын қоса алғанда) білім сапасы және бай тәжірибесімен оның бірегейлігі мен

беріктің айқындаушы фактор ретінде мойындалуын түсінуге болады. в). Докторантура бағдарламасы аясында білім алушылардың әрбірінің өз саласының шыңына шығуға бет алған кәсіби мамандар ретінде оларға тиісті артықшылықтар мен құқықтардың берілуі; г). Бақылау мен бағалау жүйесінің өміршең маңыздылығы: бақылау және бағалау жүйесі докторант, жетекші және білім ордасы арасында нақты, айқын түрде белгіленген өзара жауаптылық ұстанымы негізінде мүлтіксіз, үздіксіз жүргізілетін үдеріс ретінде қарастырылады. ғ) Уақыт: докторантура бағдарламасы ақылға қонымды уақыт кезеңінде тәмамдалуы қажет (үш жыл мен төрт жыл аралығында); ж). Жаңашылдық пен инновацияның ынталандырылуы: мұның мәні пәнаралық ғылыми зерттеулер, жаңа біліктілік пен қабілеттердің шыңдалуы арқылы ғылыми зерттеулерді жаңашылдыққа бастау болып табылады. з). Ғылыми белсенділікті көтермелеу: докторантура бағдарламасы аясында университеттер мен оқу ордалары арасындаға, мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы ғылыми зерттеулерді көтермелеу болып табылады. и). Қаржыландыру қорларымен қамтамасыз ету: Докторантура бағдарламасының сапасы және жетістігі оның тиісті деңгейде қаржыландырылу көздеріне ие болуын қажет етеді [11].

Қорыта келгенде Еуро Одақ ЕЖБК стандарттары арқылы ғылым мен білімде ең төменгі талаптардың салыстырмалылығын қамтамасыз етуді, білім сапасын қамтамасыз етуді, ғылыми білім мен зерттеу, әзденістер бойынша жеке тұлғалардың белсенділігін ынталандыруды мақсат ете отырып, ЕҒЗК қамтамасыз ететін ғылыми стандарттар арқылы зерттеушілер мен оқытушы-профессорлық құрамның (ОПК) Еуропаның ең ықпалды құрылымдарында қызмет атқарулары көзделіп отыр. Еуро Одақ ғылыми зерттеу саласына жасалатын қаржылай инвестиция көлемін әлемде ең жоғары деңгейге жеткізу, ғылыми зерттеу бойынша халықаралық ынтымақтастықты күшейту, ғылыми-зерттеушілер үшін ашық еңбек нарығын қалыптастыру, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, ғылыми білімге қол жеткізу мүмкіндігін арттыру сынды мәселелерге басымдық танытуда. Осы тұрғыдан Еуро Одақ аясында ЕҒЗК негізінің қаланып, нақты міндеттер атқара бастауы саланың алға ілгерілеуінің, белгіленген мақсаттар мен межелердің үдесінен шығуының қозғаушы күші болып отырғанын түйюге әбден болады.

**Қолданылған дереккөздер:**

1. EC, 2011a, Education and Training, Strategic Framework For Education And Training, [http://ec.europa.eu/education/lifelonglearning-policy/framework\\_en.htm](http://ec.europa.eu/education/lifelonglearning-policy/framework_en.htm), [15 January 2012].
2. [http://ec.europa.eu/europe2020/europe-2020-in-anutshell/targets/index\\_en.htm](http://ec.europa.eu/europe2020/europe-2020-in-anutshell/targets/index_en.htm) (6.05.2013).
3. Higher Education, Vol.28, No.3, pp.279-291; Adam M. Barnard, 2011, "Professional doctorates in the social sciences", Work Based Learning e-Journal, Vol. 2, No.1, pp.259-275; The Quality Assurance Agency for Higher Education (QAA), 2011, "Doctoral degree characteristics", September, 42p; Kehm (2006); <http://www.professionaldorates.org/index.html>, (15.05.2013).
4. [http://ec.europa.eu/research/era/index\\_en.htm](http://ec.europa.eu/research/era/index_en.htm) (6May 2013).
5. [http://ec.europa.eu/research/era/open-labour-market-forresearchers\\_en.htm](http://ec.europa.eu/research/era/open-labour-market-forresearchers_en.htm), (15.05.2013).
6. Heather Eggins, 2008, "Trends and Issues in Post Graduate Education: A Global Review", The UNESCO Forum on Higher Education, Research and Knowledge, Keynote Paper for the DCU/UNESCO Forum Workshop", Dublin, Ireland, 5-7 March, 15p.
7. EC, Euraxess, <http://ec.europa.eu/euraxess/index.cfm/rights/recommendation>, (02.05.2013).
8. "Report of Mapping Exercise on Doctoral Training in Europe Towards a common approach", 27June2011(final). [http://ec.europa.eu/euraxess/pdf/research\\_policies/Report\\_of\\_Mapping\\_Exercise\\_on\\_Doctoral\\_Training\\_FINAL.pdf](http://ec.europa.eu/euraxess/pdf/research_policies/Report_of_Mapping_Exercise_on_Doctoral_Training_FINAL.pdf), [http://www.consilium.europa.eu/uedocs/cms\\_data/docs/pressdata/en/educ/126375.pdf](http://www.consilium.europa.eu/uedocs/cms_data/docs/pressdata/en/educ/126375.pdf), (02.05.2013).
9. M.Rifat Vural, "Bologna Sürecinde Doktora Eğitimi ve Avrupa Topluluğuna uyum", [http://sagbilens.ankara.edu.tr/items/Image/dokuman/doku\\_zeylul.pdf](http://sagbilens.ankara.edu.tr/items/Image/dokuman/doku_zeylul.pdf), (07.052013).
10. EUA, <http://www.eua.be/cde/Home.aspx>
11. The European Higher Education Area in 2012: Bologna Process Implementation Report (for qualifications and degree profiles etc. [http://eacea.ec.europa.eu/education/eurydice/documents/thematic\\_reports/138EN\\_HI.pdf](http://eacea.ec.europa.eu/education/eurydice/documents/thematic_reports/138EN_HI.pdf), (Erişim 19.05.2013).